«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
202_ ж. «__»
№_____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Доктор Тайсс Эхинацея

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозалануы
Тұндырма, 50 мл

Фармакотерапиялық тобы
Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар. Иммуностимуляторлар. Басқа иммуностимуляторлар.
АТХ коды L03AX

Қолданылуы
Организмнің қорғаныш күшін белсендіру және инфекциялық аурулардың профилактикасы үшін қолданады.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар
- белсенді затқа немесе *Compositae* күрделі гүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерге және препараттың қосымша заттарына аса жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер
- эпилепсиямен зардап шегетін адамдар
- жүктілік және лактация кезеңі
- бауыр аурулары бар пациенттер
- алкоголизммен зардап шегетін адамдар

Қолдануға қатысты сақтық шаралары
Қатысты емес.

Басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі

Дәрілермен өзара әрекеттесуіне зерттеулер жүргізілмеген.

Арнайы ескертулер

Бұлыңғырлануы және шөгуі препараттың сапасы мен тиімділігіне әсер етпейді. Тұндырманы қолданар алдында шайқау керек.

Прогрессивті жүйелік бұзылулар, аутоиммундық аурулар, иммун тапшылығы, иммуносупрессия және лейкоцитарлық жүйенің аурулары болған кезде қолдану ұсынылмайды. Дәрілік затты қолдану кезінде симптомдар нашарласа немесе жоғары температура көтерілсе, дәрігермен немесе білікті фармацевтпен кеңесу керек. Сезімтал адамдарда аллергиялық реакциялардың пайда болу қаупі бар. Мұндай пациенттер эхинацеяны қолданар алдында дәрігерден кеңес алу керек. Атопиясы бар пациенттерде анафилаксиялық реакциялар пайда болуы мүмкін. Атопиялық пациенттер эхинацеяны қолданар алдында өз дәрігеріңізден кеңес алу керек.

Бұл дәрілік препарат құрамында әр мл-де 395 мг спирт бар (этанол), бұл 422 мг/г-ға тең. Дәрілік препараттың 50 тамшысында спирт мөлшері 23 мл сыра мен 9 мл шарапқа тең. Осы препарат құрамындағы спиртің мөлшері ересектер мен жасөспірімдерге әсер етуі екіталай, ал оның балаларға тигізетін әсері екіталай. Препарат кішкентай балаларда кейбір әсерлерді тудыруы мүмкін, мысалы, ұйқышылдық сезімі. Дәрілік препараттағы спирт басқа дәрілік препараттардың әсер етуін өзгерте алады. Егер сіз басқа дәрілік препараттарды қабылдайтын болсаңыз, дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесуіңіз керек. Бұл дәрілік препаратты қабылдауға дейін сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, дәрігеріңізбен немесе фармацевтіңізбен кеңесуіңіз керек. Егер алкогольге тәуелді болсаңыз, осы препаратты қабылдауға дейін дәрігеріңізбен немесе фармацевтіңізбен кеңесуіңіз керек.

Жүктілік және лактация кезеңі

Әйелдерге жүктілік уақытында және лактация кезеңінде тағайындау ұсынылмайды, өйткені бұл жағдайлардағы препарат қауіпсіздігі зерттелмеген.

Дәрілік препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері.

Препараттардың автокөлікті басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етуіне зерттеу жүргізілген. Препарат автокөлікті басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне елеусіз ғана әсер етеді.

Қолдануға арналған ұсыныстар

Дозалау режимі

Ересектер:

Профилактика үшін 20-30 тамшыдан күніне 3 рет.

Жедел инфекция жағдайында бір рет 50 тамшы, содан соң 10-20 тамшыдан сағат сайын қабылдайды.

Енгізу әдісі мен жолы

Емдеуді суықтың алғашқы белгісінен бастауға болады.

Пайдаланар алдында дәрілік препаратты сілку керек.
Ішке.
Тамшыларды жұтпай, ауызда бірнеше секунд ұстау керек.
Егер симптомдар дәрілік затты қолдану аясында 10 күннен ұзақ сақталатын болса, дәрігерге қаралу керек.
Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажеті шаралар
Артық дозалану жағдайлары байқалмаған.
Препаратты қалай қолдану керектігін түсіндіру үшін медициналық маманнан кеңес алу ұсыныстары
Дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігеріңізден немесе фармацевтіңізден кеңес алыңыз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар (қажет болғанда)

- аллергиялық реакциялар: беттің гиперемиясы, беттің ісінуі, ентігу
- бас айналуы
- артериялық қысымның төмендеуі

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласыңыз
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
100 г тұндырманың құрамында
белсенді зат – эхинацея тұндырмасы 33.30 г,
қосымша заттар: этанол 96 %, тазартылған су.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы
Хош иісті және өзіне тән күйдіретін дәмі бар, мөлдір, сары-жасыл түсті сұйықтық.

Шығарылу түрі және қаптамасы
Полиэтиленнен жасалған тамшылатқыш-қақпағы бар, полипропиленнен жасалған бұралып жабылатын қақпақпен тығындалған қоңыр шыны құтыларда 50 мл препараттан. Алғашқы ашылуы бақыланатын тығыздығы жоғары полипропиленнен жасалған тамшылатқыш-қақпағымен немесе онсыз.

Құтылар медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

Сақтау мерзімі
3 жыл
Қаптама алғаш ашылғаннан кейін - 6 аптадан аспауы керек.
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары
25^0С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецептісіз

Өндіруші туралы мәлімет
Др. Тайсс Натурварен ГмбХ
Михелинштрассе 10, 66424 Хомбург, Германия
Тел./факс: + 49-6841-709-0/+ 49-6841-709-265
Электрондық пошта: info@naturwaren-theiss.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
Др. Тайсс Натурварен ГмбХ
Михелинштрассе 10, 66424 Хомбург, Германия
Тел./факс: + 49-6841-709-0/+ 49-6841-709-265
Электрондық пошта: info@naturwaren-theiss.de

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)
«Натусана» ЖШС, Қазақстан Республикасы
050046, Алматы қ., 198А Ислам Каримов көш.
Тел./факс: 8 (727) 268-31-66
Электрондық пошта: info@drtheiss.kz